

				Ахметнияз Айзере І орын Қабдолла Бексұлтан		ІІ орын Мамыр А. ІІІ орын Каржаспаева Р
«Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалд ық ойын- конкурс		ІІ орын Каржаспаев а Р. ІІІ орын Зудин Д. ІІ орын Естаева А. І орын Ахметнияз А. ІІІ орын Қабдолла Бексұлтан		І орын Каржаспаева Р. ІІ орын Зудин Д.	5	3
Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалы қ олимпиада					3	1

**2022-2024 оқу жылдарындағы
мектеп оқушыларының жетістіктері**

№	Олимпиадалар мен сайыс атаулары	Иеленген орындары	Деңгей (аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық)	Оқушының аты-жөні, сыныбы	Мұғалімнің аты- жөні
1	«Зерде» ғылыми жоба зерттеу жұмыстары сайысы	ІІ орын	Аудандық	6-сынып оқушысы Ахметнияз Айзере	Ахметниязова Б.К.

2	5-6 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (орыс тілі)	II орын	Аудандық	6-сынып оқушысы Естаева Адина	Кусаинова Б.О.
	5-6 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (орыс тілі)	II орын	Аудандық	5-сынып оқушысы Нұрлан Дария	Кусаинова Б.О.
3	5-6 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (ағылшын тілі)	III орын	Аудандық	5-сынып оқушысы Ахметнияз Айзере	Қайырбай Ж.М.
4	5-6 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (тарих)	II орын	Аудандық	6-сынып оқушысы Жәнібек Бақтыгерей	Билялова Г.К.
5	7-8 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (химия)	II орын	Аудандық	7-сынып оқушысы Сағидолла Таир	Каппасов Д.Е.
6	7-8 сынып оқушыларының пән олимпиадасы (ағылшын тілі)	III орын	Аудандық	7-сынып оқушысы Сағидолла Таир	Нуркан Р.О.
7	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	I орын	Республикалық	Естаева Адина	Кусаинова Б.О.
8	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	I орын	Республикалық	Ахметнияз Айзере	Советхан Т.
9	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	I орын	Республикалық	Қабдолла Бексұлтан	Елюбай К.К.
10	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	I орын	Республикалық	Жәнібек Бақтыгерей	Билялова Г.К.
11	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	II орын	Республикалық	Мамыр Айша	Омарова Г.Т.
12	«Ақбота» интеллектуалдық сайысы	III орын	Республикалық	Каржаспаева Рамина	Джакупова А.Р.
13	«Кенгуру математика» -	II орын	Республикалық	Каржаспаева Рамина	Джакупова А.Р.

	барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс				
14	«Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс	III орын	Республикалық	Зудин Даниил	Джакупова А.Р.
15	«Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс	II орын	Республикалық	Естаева Адина	Елюбай К.К.
16	«Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс	I орын	Республикалық	Ахметнияз Айзере	Елюбай К.К.
17	«Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурс	III орын	Республикалық	Қабдолла Бексұлтан	Елюбай К.К.
18	3-4 сынып оқушыларына арналған математикалық турнир	III орын	Аудандық	Жәнібек Сұлтангерей	Омарова А.З.
19	3-4 сынып оқушыларына арналған математикалық турнир	III орын	Аудандық	Қасқырбай Кәусар	Жаксылыкова Ж.Е.
20	Махамбет оқулары	I орын	Аудандық	Біләл Самира	Кожаметова А.Т.
21	Махамбет оқулары	II орын	Аудандық	Мамыр Ажар	Ахметниязова Б.К.
22	Махамбет оқулары	III орын	Аудандық	Жәнібек Малика	Марденова Ш.А.
23	«Жас кемеңгер» «сырттай оқу мектебінің олимпиадасы (ағылшын тілі)	I орын	Облыстық	Сағидолла Таир	Нуркан Р.О.

24	«Жас кемеңгер» «сырттай оқу мектебінің олимпиадасы (биология)	I орын	Облыстық	Мамыр Ажар	Билялова Н.К.
25	«Алтын сақа»	II орын	Аудандық	Қабдолла Бексұлтан	Елюбай К.К.
26	Аудандық жасөспірімдер олимпиадасының «Биология пәні»	II орын	Аудандық	Садриден Бекболат	Билялова Н.К.
27	Аудандық жасөспірімдер олимпиадасының «Физика пәні»	III орын	Аудандық	Мамыр Ажар	Елеукенова Г.К.

2022-2024 жылдар аралығында үздіксіз өткізілген шығармашылық өнер сайыстардың нәтижесінің талдауы

2022-2024 жылдар аралығында аудандық сайысқа 21 бала қатысты. Мұнда 13 оқушы жеңімпаз/жүлдегер болды. Облыстық сайыстар -14 қатысушы, жеңімпаз – 1. Республикалық сайыс «Кенгуру» сайысына қатысушылар саны - 15 оқушы, жүлдегер-10. Ақ бота сайысы-10 оқушы, жүлдегер мен жеңімпаздар саны – 6.Бұл ретте бастауыш сынып оқушыларының белсенді қатысқаны байқалады.

Аталған 3 жыл ішінде оқушылардың басым көпшілігі шығармашылық сайыстардан, оқулардан, интеллектуалдық ойын-сайыстардан жүлделі орындарға ие болғаны байқалады.Пән олимпиадалары бойынша аудандық кезеңде оқушылар жақсы нәтиже көрсеткен. 2 оқушы облыстық кезеңнің қатысушылары.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының бастапқы кезеңіне 9-сыныптың 3 оқушысы қатысты. «Айқанат» олимпиадасының облыстық кезеңіне 8-сыныптың 3 оқушысы жолдама алды. «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу- әдістемелік орталығының «Жас кемеңгер» «сырттай оқу мектебінің олимпиадасына қатысқан Мамыр Ажар биология пәні бойынша үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанды.Мұғалімі-Н.К.Билялова.

Оқушылар шахмат ойыны бойынша 2 жыл қатарынан өте жақсы нәтиже көрсетіп келеді.Мамыр Ажар, Ақтас Маржан, Жәнібек Бақтыгерей, Жәнібек Сұлтангерей, Мамыр Ерасыл жақсы көрсеткішпен жүлделі орындарға ие болып жүр.Үйірме жетекшісі - Д.Е.Каппасов.

Осы бағытта жоспарланған жұмыстар:

2-9 сынып оқушыларын ғылыми жоба сайыстарына дайындау, нәтижеге жетуге бағыттау.Пән олимпиадаларына дайындықты жетілдіру, оқушыларды олимпиадалық тапсырмалар үлгілерін беру.Махамбет, Әбіш, І.Жансүгіров оқуларына қатысатын оқушылардың дайындығын пысықтау.Тапсырмалар базасын толықтыру.Үздік, жақсы нәтиже көрсеткен оқушыларды ынталандыру, марапаттау.Оқушылардың барлығына қолдау көрсету, дарынды оқушыны анықтау.

Күтілетін нәтиже: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, облыстық, республикалық деңгейдегі шығармашылық, интеллектуалдық сайыстарда жүлделі орындарды иелену.

Оқу-тәрбие жұмысы

Мектептегі оқу-тәрбие бағытын ұйымдастыруда төмендегідей нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды: Бала Құқығы Конвенциясы, ҚР Конституциясы, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169- VI Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; ҚР Оқу ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасы».

Педагогикалық ұжым жыл бойы тақырыптық отырыстар мен сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік отырысында сынып ұжымымен жұмыс істеу әдістерін, түрлерін ортаға салып, тәжірибе алмасу жолдарымен және үйрету, талдау, жинақтау әдістері арқылы мектептің тәрбие жүйесін дамытып келеді.

Негізгі мақсат – өскелең жас ұрпақты қоғамның заңдары мен нормаларын бұлжытпай орындау және Ата заңымызды сыйлау рухында тәрбиелеу, мемлекет пен қоғам ісіне саналы түрде белсенділікпен қатысып, өз Отанын әрқашан қорғауға дайын болуға тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде тәрбие құндылықтары мен әдіснамалық негізге ала отырып, Еңбекші негізгі мектеп оқушыларын тәрбиелеуде ең алдымен оқушы бойына патриоттық тәрбие беруден басталады.

Патриоттық тәрбие бағыты бойынша педагогтер мен оқушылар ұжымы бірлесе жұмыс атқарады. Жыл сайын мемлекеттік мерекелерді үлкен дайындықпен өткізеді. Әрбір жаңа оқу жылында 1 қыркүйек – Білім күні 1-11 сынып оқушыларына арналған «Алғашқы қоңырау» салтанаты және барлық сыныптарда алғашқы сабақ өткізіледі. 2022 жылы - 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық», 2023 жылы «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында өткен алғашқы сабақ, білім алушылардың өз Отанына деген азаматтық, отаншылдық, сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеуге, тарихы мен мәдениетін құрметтеуге, туған өлкесінің табиғатына ұқыпты қарауға, қазіргі Қазақстанның жетістіктерін мақтан тұтуға ықпал етті.

Оқу жылының соңында білім, спорт жағынан жағынан жетістікке жеткен оқушылар «Дарын» марапатына ие болып, түрлі бағалы сыйлықтармен мараптаалады.

Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу үнемі басты назарда ұсталады. Мектептегі салтанатты жиындарда және апта сайын дүйсенбі күндері ҚР Әнұраны ойналып, оқушылар, ата-аналар, ұстаздар рәміздерді құрметтейді. Рәміздер туралы апталықтарда тәрбие сағаттары, викториналық сұрақтар, лекциялар жүргізіледі. Мектеп дәлізіндегі Мемлекеттік Ту мен Елтаңба жарықтандырылған. Мемлекеттік рәміздер күнін өткізу туралы директор жанындағы жиында, педагогикалық кеңесте қаралады.

2023-2024 оқу жыл Талап, ар ұят, ұлттық мүдде құндылықтары басты назарда болса, 2024-2025 оқу жылынан бастап тәрбие жұмысының жоспары «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Еңбексүйгіштік және кәсіби шеберлік», «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Жасампаздық және жаңашылдық». «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша айлар бойынша осы құндылықтар басты назарда.

2023-2024 оқу жылы «Ұлттық мектеп лигасы», «Тарихқа құрмет», «Тоғыз айға тоғыз іс шара», «Төрт тоқсан -төрт өнер», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Оқуға құштар мектеп», «Еңбегі адал жас өрен», «Үнем қоғам қуаты» жобалары тәрбие жоспарына енгізілген болатын. Сонымен бірге салауатты өмір салтын қалыптастыру, буллингтің, суицидтің, алдын алдын алу, жыныстық тәрбие бойынша жоспарлар әзірленді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде мектепте күнделікті үзіліс кезінде ұлттық ойындарды ойнау («Ұлттық ойын ұлт қазынасы»), оның ішінде асық ойнауға және күй тыңдауға («Күй күмбірі») көп көңіл бөлінеді. Апта сайын дүйсенбі күндері ҚР мемлекеттік әнұраны орындалып, оқушылар апта дәйексөздерімен таныстырылады. Сонымен бірге, апта сайын қауіпсіздік сабақтары әр сыныпта өткізіледі.

Мектепте мектеп – ата-ана қарым-қатынастарының жаңа түрлерін, мектеп пен отбасының толықтай өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында 2023-2024 жылдан бастап, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс жасайды.

Мектебімізді буллингтің алдын алуға мектеп психологымен бірлесе жұмыс жасалады. 2023-2024 оқу жылы сынып жетекшілері «Буллингке жол жоқ», «Буллинг дегеніміз не?», «Буллингке жоқ дей аласың ба?», «Ғаламтордағы қауіпті ойындар», «Буллинг, кибербуллинг», «Дос болайық бәріміз» атты ақпараттық сағаттарын өткізсе, мектеп психологымен бірлесе «Dosbolike» жобасы аясында сабақтар кешені өткізілді.

Мектебімізді өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс атқарады. Ұйымның құрамында 13 оқушы. Өзін-өзі басқару ұйымының құрамындағы оқушылар аса белсенділікпен мектепшілік іс-шараларға қатысады.

Негізгі тәрбие жұмысының басты мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм,

парасаттылық пен адалдық, ар ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Рухани адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
2. Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту.
3. Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

1- қыркүйек «Білім күні» аясында «Мектебім – мейірім мекені» салтанатты жиыны, 1-9 сынып жетекшілері «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты тәрбие сағаттарын өткізді, «Менің Туым» облыстық жобасы аясында Мемлекеттік Ту салтанатты түрде шығарылды. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестіктерімен тәрбие жұмысының бағыттары бойынша тәрбие жоспарлары құрастырылды.

Патриоттық тәрбие беру мақсатында «Тарихқа тағзым», «Бала құқығы туралы не білемі?», «Ұлы дала перзенттері», «Ұлттық валюта тарихы», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», «Мен тәуелсіз мемлекеттің азаматымын», «Отты жылдар жаңғырығы», «Ұлы дала мұрагерлері», «Тәуелсіздік жетістіктері», Р.Қошқарбаевтың мерейтойына орай «Рейхстагқа тігілген Ту», «Тарих мен тіл тамырлас», «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» сынып сағаттары өткізілді. Бүкіләлемдік балаларды қорғау күніне орай «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндігінің жоспары құрылып іс шаралар өткізілді. Қазақстан халқының Тілдер күніне орай іс шаралар кешені, 25 қазан Республика күніне орай «Республикам – мақтанышым» сынып сағаты, мерекелік концерт, «Тірегімсің сен Отан» кітап көрмесі өткізілді және 5 сынып оқушылары «Жас ұлан» БЖҰ құрамына салтанатты түрде қабылданды. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай 7-9 сынып ұлдары арасында «Жас сарбаз» патриоттық сайысы және «Жасай бер, елім» патриоттық әндер байқауы өткізіліп, оқушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Қыран Елім — Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Рәміздерінің күніне орай «Рәміздерім -мақтанышым» тәрбие сағаты өткізілді.

Рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Рухани адамгершілік тәрбиелеу «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» көрініс табады. «Қарияларға қамқорлық көрсетейік» лозунгімен мектеп еріктілері жалғызбасты қарияларымызға көмек көрсетеді. «Күзгі асар» жәрмеңкесіне оқушылар белсенді қатысып, өздері даярлаған өнімдерін сатты.

5 қазан – Мұғалімдер күніне орай өзін өзі басқару ұйымы «Ұстазым, мақтанышым, үлгі өнегем!» атты концерттік бағдарлама әзірлеп, «Дублер күнін» және «Данлық ұстаздан» челенджін ұйымдастырды. «Аққу» қыздар клубының жоспарына сай «Қыз өссе елдің көркі», «Қызға қырық үйден тиым» атты тәрбие сағаттары өткізіліп, клуб мүшесі «Аққу» клубының тәрбиеленушілері арасында өткізілген аудандық сайысқа қатысты. «Адам әдептілігімен әдемі», «Кімге алғыс айтар едіңіз?» сынып сағаттары, «Анағ қуаныш сыйлы» челленджі, «Аналар асыл жандар», «Наурыз көктем мейрамы», «Махаббатсыз дүние бос» мерекелік кештері ұйымдастырылды. Кітап оқу мәдениетін дәріптеу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша бірқатар іс шаралар өткізілді: «Сүйікті кітабым» челенджі, «Мен оқыған ертегі» дауыстап оқу, кітапханаға саяхат, «Қызықты кітаппен кездесу».

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында мектепте ұлттық бұрыш даярланған, онда оқушылар күнделікті асық, тоғызқұмалақ сияқты ойындарды ойнап, күй тыңдаумен уақыт өткізеді. «Төрт тоқсан төрт өнер» жобасы негізінде «Ақындар айтысы», «Ұлттық өнер көрмесі» ұйымдастырылды. «Ұлттық киім -ұлт қазынасы» ұлттық киім кию челенджі, ұлттық ойындар күні, Наурыз мерекесіне орай «Наурыз көктем мерекесі» атты мерекелік іс шара ұйымдастырылды. «Аққу» қыздар клубының тәрбиеленушісі аудандық сайысқа қатысып, тақия жасау, ұршық иіру сияқты шеберлік сағаттарға қатысты. 2022-2023 оқу жылы «Мирас» ұлдар клубының тәрбиеленушілері аудандық сайысқа қатысып, 3 орын иеленді.

Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту.

Мектепте ата-аналармен тығыз байланыс орнатылған. Құрамында 9 ата анадан тұратын ата-аналар комитеті құрылған. Сонымен бірге 2023-2024 оқу жылынан бастап Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылып, жоспар бойынша бірқатар іс шаралар, оның ішінде түрлі тренингтер, түрлі тақырыпта сабақтар, дөңгелек үстелдер өткізілді. «Отбасым -байлығым» бейнероликтер челенджі, «Әкем, анам және мен» мәрелік ойындар, волейбол жарысы, жәрмеңке, «Отбасыммен өткізген қызықты демалысым» фотоколлаж сайысы, әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізілді.

Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту мақсатында аналар клубы құралды. «Аналар ізімен», «Ақыл айтпа жол көрсет» сынды сабақтары өткізілді.

Әр тоқсан соңында жалпымектепішілік ата аналар жиналысы өткізіледі.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Аталмыш бағыт бойынша Облыстық «Экобум» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен», «Үнем қоғам қуаты» жобалары жүзеге асырылуда.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айы «Еңбексүйгіштік пен кәсіби шеберлік» айы болып белгіленді. Осы орайда оқушылар «Таза қала – көрікті мекен» облыстық акциясына белсене қатысты. «Еңбек түбі береке», «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп оқушылары аудандық «Жас өрт сөндірушілер» сайысына қатысты.

Әр жыл айын жоғарғы оқушылар арасынан «Мектеп президентіне» сайланып отырды және Мектеп парламент мүшелері де сайланып өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жүргізілді.

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

бағыты бойынша жоспарға сай бірнеше жұмыстар қамтылды. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша іс шаралар кешені әзірленіп, өткізілді. Оқушылар Жас ұлан КВН сайысына қатысып, жақсы нәтиже көрсетті.

Мектебімізде т «Мектепке жол» акциясында аз қамтылған отбасы балаларына ақшалай көмек көрсетілді. Мектеп ұстаздары мен меценаттардың тарапынан мектепке керекті құрал- жабдықтар, киім –кешектер берілді. Мектеп фойесінде «Сенім» жәшігі жұмыс істеп тұрды, және сенім телефондары жазылған стенд бар. Нәтижесінде оқушы бойында өзіне-өзі сену, өзін көрсете білу, әдепті, кішіпейіл, адал т.б. жағымды қасиеттердің қалыптасуы нығая түсті.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңыда ауыл азаматтарының көмегімен лоторея ұйымдастырылып, сыйлықтар алынды.

Мектебімізде құрамында 10 оқушы бар «Жалын» дебат клубы жұмыс жасайды. Оқушылар түрлі зияткерлік ойындарға, марафондарға қатысты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне «Тілім менің ғасырларға аманат» атты әдеби кеш өткізілді.

Тілдер айлығы аясында 1-9 сыныптарға тәрбие сағаттары, зияткерлік ойындар, сайыстар ұйымдастырылды.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты:Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін,көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» күнін өткізіп, мектеп президентін сайланды. Оқушылардың өзін –өзі тану қабілетін зерттеу мақсатында мектеп психологтары үнемі жұмыстар жүргізді.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зияткерлік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар жүйесі болды. Балалардың сыныптан тыс жұмысқа қатысуын ынталандыру жүйесі бар. Сыныптан тыс іс-шараларды

ұйымдастыру және өткізу мұғалімнің көмегімен жүзеге асырылады және оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған.

«Тарихтан тағылым» мұражай сабақтары, кітап көрмелері, би күні және түрлі зияткерлік сайыстар өткізілді. Оқушылар «Менің туған жерімнің тамаша жерлері» фотокөрмесіне, «Ұшқыр ой алаңы» республикалық жобасы аясында дебат ойындарына қатысты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Бала жарақатын алдын –алу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымының әкімдерімен кеңес отырыстар өткізілді. Мектеп медбикесі «Жарақаттың алдын аламыз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Денсаулық фестивалі», «Дені сау ұрпақ-елдің болашағы», спорттық ойындар, күзгі кросс жарысы. Мектепте шахмат үйірмесі, таэквондо, волейбол, теннис үйірмесі бар. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектеп медбикесі оқушылармен әңгіме сұхбат жүргізіп, тазалықтарын тексеріп тұрады.

ЖИТС-пен күресу күні, Нашакорлық, темекі шегушілік, ішімдікке қарсы сауалнама, диктанттар алу ұйымдастырылды.

Мектептегі жүргізілетін үйірме, секция жұмыстары өзінің нәтижелерін көрсетуде, нәтижелер жылдан жылға жоғарылап келеді.

Оқу жылының жалпыға бірдей білім беру заңына сәйкес мектебімізде құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстары бойынша қыркүйек айында біршама жұмыстар атқарылды. Әр тоқсан сайын құқықбұзушылық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Аудандық, мектепшілік, қатерлі тобында тұрған оқушылармен жүргізілетін айлық, жылдық жоспар құрылды. Сонымен қатар, ІІБ АТЖБ бірлескен жоспар құрылды. Мектепшілік есепте және әлеуметтік жағдайы төмен, жайсыз отбасында тәрбиеленетін оқушылар анықталды. Есепте тұрған оқушылардың бос уақытының қамтылуы мен тәлімгерлері бекітілді. Тәлімгерлер оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру, олармен жеке әңгіме жүргізу кезінде аса қиындықтар туғыза қоймады. Оқушыларға бақылау-зерттеу күнделіктері жүргізілуде. Осы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде әрбір оқушыға жеке папка арналған. Оқушылардың тәрбиесімен сабақ үлгерімдері туралы ата-аналар жиналысын да жұмыстар жүргізілді Психологпен бірлесіп мектептің қабатына сенім жәшігі орнатылды.

Ата-аналарға профилактикалық жұмыстар жүргізіп құқықбұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығы айтылып ескертулер жасалынды. Бала тәрбиесімен жиі айналысу керектігі айтылып түсініктеме алынды.

Оқушылардың бос уақытының қамтылуы

Осы кестеден оқушылар бос уақытында пәндік және спорттық үйірмелерге қатысатынын көруге болады. Жыл сайын балалардың үйірмелерге қызығушылықтары артуда.

№	Оқу жылы	Пәндік үйірме			Спорттық үйірмелер		
		Саны	Қамтылғаны	% оқушы	Саны	қамтылғаны	
1	2022-2023	5	40	67%	5	35	33.00 %
2	2023-2024	4	47	75%	4	43	69.00 %
3	2024-2025	4	35	48%	4	52	71.00 %

Оқушылардың құқықтық білімі

Нысаны	Көрсеткіштер	Өлшемдері	Кезең		
			2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқушылардың Әлеуметтік бейімделуі	Құқықтық норманы сақтай білуі	а) Жасөсірімдер жөніндегі бөлім. ЖІБ есепте тұрған балалар	0	0	0
		в) қылмыс жасаушылар саны	0	0	0
	Тәрбиелік деңгейі	Оқушылардың тәрбиелік деңгейі	Ак-6,5% К-22 %	Ак-6,3% К-26,5%	

1. Құқықтық норманы сақтай білуде жасөсірімдер істері жөніндегі бөлімде есепте тұрған оқушылар жоқ.
Қылмыс жасаушылар жоқ.
2. Оқушылардың үш жылғы тәрбиелік деңгейін салыстырғанда

2022-2023 оқу жылы

Ак-6,5%
К- 22%

2023-2024 оқу жылы

Ак-6,3%
К- 22,5%

2024-2025 оқу жылы

Ак-6,8%
К- 30,4%

Әлеуметтік-қоғамдық белсенділік
Өзін-өзі басқару

	Оқушылардың өзін-өзі басқарудың жұмыс түрі	Оқушыларды қамту	Кімдер жүргізеді
2024-2025 оқу жылы	Жоғарғы сыныптар кеңесі	8-10сыныптар	Жоғарғы сыныптар
	Сынып белсенділері	1-10 сыныптар	Сынып белсенділері
	«Жас қыран», «Жас Ұлан» мектеп ұйымы	1-10сыныптар	Мектеп президенті Сынып белсенділері

Мынадай қорытынды:

1. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру.
2. Оқушылардың жаппай өзін-өзі басқаруға қатсуға ынталандыру.

Проблемалар:

1. Сынып ішіндегі басқарудың әлсіздігі.

Шешу жолдары:

1. Сынып жетекшілерге ұжымын тәрбиелеудің жаңа педагогикалық технологияларын үйрететін семинарлар өткізу
2. Сынып жетекшілерге арналған курстарға жіберу.

Оқушылардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдайы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Әл –ауқаты төмен отбасы	1	0	0
Көп балалы отбасыдан	9	9	10
Жетім, ата-ана қамқорлығынан айырылған	0	0	0
Толық емес отбасыдан	0	1	1
Жайсыз отбасы	1	1	0

Ата-аналармен жүргізілген профилактикалық жұмыс

Іс материалдары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Құжаттандыру жұмысы	-	-	-
Ата-ана:	-	-	-
Оқушы:	-	-	-

Жұмысқа орналастыру	-	-	-
Ата-ана:	-	-	-
Оқушы:	-	-	-
Балалар үйіне орналастыру	-	-	-
Аудандық кәмелеттік жасқа толмаған баланың ісін қарау комиссиясы (КДН)	1	-	-
Аудандық профилактикалық кеңес			
Ата-ана құқығынан айырылған	-	-	-
Ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларды асырап алуға құжаттандырылған отбасы	-	-	-

Қорытынды:

Биылғы оқу жылында соңғы үш жылдағымен салыстырғанда АТЖБ (ГЮП), есебінде оқушы жоқ. Мектепшілік «қиын» бақылау есебінде оқушы тіркелмеген. **Мықты жақтар:**

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүйелілігінің арқасында құқық бұзған, қылмыстық істерге барған оқушылар жоқ.

Профилактикалық кеңес отырысы туралы мәлімет

Қорытынды: Профилактикалық кеңестің отырысында оқушылардың тәртібін қарау жұмысы барысында жағдайлардың тұрақтылығы байқалады.

Мықты жағы: Тәртіпке бағынбайтын оқушылардың болмауы

Аға тәлімгердің атқарылған жұмыстар есебі 2023-2024 оқу жылы

Мектеп тәлімгері 2023-2024 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын, мектеп комитетімен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық, апталық жоспарлар түзілді.

Мектепте ұйым Ұланбасшысы, мектеп комитетінің мүшелері сайланып, қашықтықтан барынша жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы төмендегі 7 бағыт бойынша жұмыс жүргізеді:

«Руханият»

«Отан»

«Жеті Жарғы»

«Салауат»
«Экоәлем»
«Еңбек»
«Зерде»

Салауат бағыты бойынша 8-сынып оқушыларымен «Зиянды заттардан сақтан» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Оқушыларға зиянды заттардың зардабы туралы кеңінен түсінік жұмыстары жүргізілді.

Еңбек бағыты бойынша 5-сынып оқушыларымен «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Постер қорғау арқылы оқушылар мамандықтың түрлерімен танысты.

Мақсаты: Оқушыларға мамандық таңдау бойынша бағдар беру.

Зерде бағыты бойынша «XXI ғасыр ғылым мен техниканың заманы» тақырыбында пікір сайыс өткізілді. Пікір сайысқа оқушылар жақсы дайындықпен келіп, шараның тақырыбы кеңінен ашылды.

Отан бағыты бойынша «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді» тақырыбында

9-сынып оқушыларына адамгершілік, адами шындық пен адалдықтың мәнін түсіндіру. Адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету.

Руханият бағыты бойынша «Рухани елдің бай ұрпағымыз» тақырыбында эссе байқау ұйымдастырылды. Байқауға 5-9 сынып оқушылары қатысты.

Жеті жарғы бағыты бойынша «Назар аударыңыз бағдаршам» 2-сынып оқушылармен сынып сағаты өткізілді. Оқушылардың қауіпсіздігі мен жол ережелері түсіндірілді.

Еңбек бағыты бойынша «Біздің бүгінгі бастауымыз ертеңгі болашақ» тақырыбында 9-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларға мамандықтар жөнінде презентация көрсетілді.

Зерде бағыты бойынша 3-4 сынып оқушыларымен «Тапқыр достар» тақырыбында зияткерлік сайыс өткізілді.

«Отан» бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

1.09.2023ж «Мектебім мейірім мекені !» салтанатты жиыны өткізілді.

1.09.2023ж «Мектебім мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

6.09.2023ж «Абайлаңыз, балалар!» онкүндігі аясында танымдық сабақтар өткізілді.

7.09.2023ж Отбасы күніне орай « Менің бақытты отбасым « фото коллаж.

7.09.2023.ж. «Тіл халық мұрасы» атты тілдер күні мерекесіне орай «Жарық жұлдыздары» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

09.2023.ж.Денсаулық күніне орай Сергітту сәті челленджісі .

8.09.23.ж.Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай Тіл халық мұрасы мұрасы атты онкүндік.

13.09.23.ж. Ауылым алтын бесігім бастауыш оқушылары арасында байқауы.

13.09.23.ж. Төрт төқсан төрт өнер ұлттық мәдени ағартушылық жобасы аясында ақындар айтысы байқауының басталуы.

14.09.23.ж. «Әркімнің туған тілі туған шеше оған бала міндетті сан мың есе тақырыбында қабырға газеттер сайысы.

14.09.23ж Шәкәрім Құдайбердіұлының 165 жылдығына арналған саяхат сабағы

15.09.2023ж «Полиглот» викториналық сайыс.

15.09.2023ж Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай өткізілген онкүндіктің жабылу салтанаты.

18.09.2023ж «Тілдер күні» мерекесіне орай сынып сағатында 8-сынып оқушыларының Ана тілім-ардағым атты қабырға газетін жасау сәті.

22.09.23ж «Еңбек ер атандырады» еңбек ардагерлерінің еңбегімен таныстыру сынып оқушылары.

22.09.23ж Қазақтың қара домбырасының элементтерін түсіндіру, үйрету жұмысынан көріністер «Төрт тоқсан-төрт өнер»

26.09.23ж «Қазақтың қара домбырасы» атты сурет салуы 5-сынып оқушылары.

29.09.23ж Мектеп Президентіне үміткерлері

8-сынып оқушысы: Мамыр Ажар

8-сынып оқушысы: Ақтас Маржан

9-сынып оқушысы: Марадхан Құдірет

02.10.23ж 1-қазан Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарты бардың-қазынасы мол» атты ісшаралар жоспары аясында ұйымдастырылған «Менің сүйікті әжем» тақырыбында фотоколлаждар.

04.10.23ж Халықаралық қарттар күніне арналған «Қарты бардың-қазынасы мол» атты ісшаралар жоспары аясында ұйымдастырылған «Менің сүйікті ата мен әжем» тақырыбында суреттер.

06.10.23ж Мектебімізде ұстаздар күніне орай "Дублер күні"өткізілді.

06.10.23ж Дублер күніне орай 12-сынып оқушыларымен сабақ көрінісі

12.10.23ж Мектебімізде "Ата-аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау" аясында ата-аналармен кездесу өтті.

18.10.23ж Сейфуллин ауылының мәдениет үйінде, ауыл тұрғындарымен және мектеп оқушыларының қатысуымен "Зеренді жұлдыздары" байқауы өтті. Байқауда мектеп оқушылары өз өнерлерін ортаға салды.

19.10.23ж Мектебімізде "Республика күні" мерекесі аясында қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды

20.10.23ж Республика күніне орай "Егемендік-елдің баға жетпес игілгік" пікір сайыс өтті.

20.10.23ж Мектеп мұражайына танымдық экскурсия

24.10.23ж "Тәуелсіз елім-Қазақстан" атты сынып сағаты 9-сынып оқушылары, сынып жетекшісі: Джансеитова Г.А.

24.10.23ж Республика күні қарсаңында Бірыңғай "Жас Ұлан, Жас Қыран" балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсімі өтті, галстуктер мен төсбелгілер тағылды.

26.10.23ж "Берекелі, мерекелі алтын күз" мерекесі өтті.

1-4сыныптар арасында, жауапты: ЕлеуKENOVA Г.К.

30.10.23ж Күзгі демалыс кезіндегі іс-шаралар жоспар аясында "Күзгі көрініс" фотоконкурс

31.10.23ж Күзгі демалыс кезінде 7-9сынып оқушыларымен волейбол ойыны жүргізілді.

08.11.23ж "Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" ақпаратты науқаны аясында ақпараттық дайындық

16.11.23ж "Құқықбұзушылықтың алдын алу" атты тақырыбында ашық әңгіме өтті.

16.11.23ж Төрт тоқсан-төрт өнер

"Асық ату" челленджісі

20.11.23ж Ауыл олимпиадасының ашылу рәсімі

27.11.23ж Ұлттық құндылықтарды насихаттау аясында

Балалар кітапханасы" жобасы

"Кітап-асыл қазына" кітап оқу

1-сынып оқушыларымен

Өткізген: Омарова Г.Т.

28.11.23ж "Шахмат-ақыл ой спорты"

Мақсаты:Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды шахмат ойнауға қызығушылығын арттыру.

30.11.23ж Өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президентінің 1-отырысы

01.12.23ж Ақмола облысы Зеренді ауданы

Сейфуллин ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 1-сынып оқушылары

Тақырыбы:" Ұлттық киім-ұлттық мұра" ұлттық киім кию

Мақсаты:Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды қазақ халқының мәдени мұрасын құрметтеуді,келер ұрпаққа да жеткізе білсек екен жеп ойлаймын.

04.12.23ж "Кітап -асыл қазына" кітап оқу

"Балалар кітапханасы" жобасы

Мақсаты:Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды кітап оқуға баулу.

13.12.23ж Шығарма жазу:болашаққа хат" челленджі

14.12.23ж Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ортаңғы сынып оқушыларының ата-аналары үшін "Ақыл айтпа-жол көрсет" жасөспірімнің бейімделуі ата-аналар жиналысы

15.12.23ж Өмірге деген құлшыныс"тренингі өткізілді. 9-11сыныптар арасында,

мектеп психологі:Аубакирова В.Н.

Жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу" іс-шара

Мектеп психологі: Аубакирова В.Н.

"Ерте жастағы жүктіліктің алдын-алу" туралы ашық әңгіме өткізілді.

15.12.23ж Жеке бас гигиенасы"атты дәріс оқылды.

Мектеп медбикесі: Ахметова А.Х

21.12.23ж Тарих апталығының ашылуы

Жетекшісі: Белялова Г.К.

21.12.23ж " Ұлттық ойын- ұлтымыздың құнды мұрасы" бес асық, асық ату ойыны

Мақсаты: Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды қазақ халқының мәдени мұрасын құрметтеуді қалыптастыру батылдыққа, төзімділікке, ептілікке, қырағылықты және дәлдікті дамыту

23.12.23ж "Тарих тарландары" интеллектуалды ойын. 9 сыныптар арасында.

Тарих апталығы.. Дебат 8-7 сынып арасындағы. Тақырыбы : "Қазақ хандығының Ресей империясына қосылу салдары"

24.12.23ж 2023-2024 оқу жылында мектебімізде оқушылар мен ұстаздарымыз айтарлықтай жетістікке жетті.

1-4 сынып оқушылары мен "Балауса" шағын орталығының көпбалалы отбасынан шыққан бүлдіршіндер тегін тамақпен қамтамасыз етілді. -Шағын тәрбиешілердің жалақысы 30% өсті -Мектепте оқушылардың қауіпсіздігін сақтау үшін "Дабыл түймесі" орнатылды. -Мектепте көрші мектеп ұстаздарына арналған Көкшетау қаласынан "Өрлеу" біліктілік арттыру ұлттық орталығынан "Шағын жинақталған мектепте пәндерді оқыту" тақырыбы бойынша курс өтті.

- Мектепте жаңадан екі жылу қазандығы орнатылды.

-Мектебімізде ұлдар мен қыздар арасында "Волейбол", "Асық ату", "Бес асық" секциялары жұмыс жасайды.

28.12.23ж "Жасыл шырша жанында" атты жаңажылдық мерекесі 0-4 сыныптарда

Жауапты: Елеукенова Г.К.

Қош келдің, жаңа жыл" жаңа жылдық мерекесі өтті. 5-11 сыныптар

Жауапты: Елеукенова Г.К.

Креативті жаңа жылдық безендіру" фото челленджі

11.12.2023ж «Дені сау отбасы-салауатты ел!» ұлттық бағдарламасы аясында медбике дәрігерімен бірлесе «Дұрыс тамақтану. Алғашқы медициналық көмек. Ауыз қуысы. Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

16.01.2024 - Тақырыбы: " Шахмат-ақыл ой спорты"

Мақсаты: Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды кітап оқуға баулу.

Аптаның әр сейсенбі күні мектебімізде оқушылардың үзіліс уақытын тиімді пайдалану үшін жыл бойына жоспарланып отыр.

17.01.2024 - ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу ақпарат берілді.

19.01.2024 - Тақырыбы: " Ұлттық киім-ұлттық мұра" ұлттық киім кию

Жұма күні мектебімізде ұлттық күн.

25.01.2024 - Спикерлік пікірсайыс" тренинг Мақсаты:пікірсайыс тәсілдерін оқыту, коммуникативтік дағдыларды, ұжымдық диалог жүргізу мәдениетін дамыту. Қатысушылар: 8-сынып оқушылары

06.02.2024 - Досболlike" достық қолын ұсын" акциясы аясында "Спорттағы достық" (ұлдар арасында)

13.02.2024 - "Досболlike" достық қолын ұсын" акциясы аясында көтеріңкі көңіл-күй сыйлау

22.02.2024 - Көркем еңбек пәнінің ашылуы өтті

28.02.2024 - Мектебімізде "тоғыз айға тоғыз іс шара" тұжырымдамасы шеңберінде "Менің сүйікті кітабым" атты "Оқуға құштар мектеп" челленджі өткізілді.

29.02.2024 – 1 наурыз-Алғыс айту күніне арналған оқушыларымыздың ұстаздарға алғысы. 1-наурыз күні челленджі "Отаным,саған мың алғыс"

02.03.2024 - "Туған жерім-жүрегімде" оқушылардың сәндік-қолданбалы қолөнер көрмесі.

06.03.2024 - Құрметті арулар, аяулы жандар сіздерді 2сыныбы оқушылары келіп жеткен көгілдір көктемнің шуақты мерекесі-8наурыз әйел-қыздар күнімен шын жүректерімен құттықтайды. Хор:Анашым

Құрметті арулар, аяулы жандар сіздерді 3сыныбы оқушылары келіп жеткен көгілдір көктемнің шуақты мерекесі-8наурыз әйел-қыздар күнімен шын жүректерімен құттықтайды. Ән:Анашым

07.03.2024 - 8-наурыз халықаралық аналар мерекесіне орай "Ана-өмір шуағы"атты мерекелік концертті. Хор: "АНА және 1-11 сынып аралығында концерт өткізілді. Барлық сынып белсене қатысты.

"Наурызнама" -мейрамы жоспарына сәйкес 15-наурыз күні "Қайырымдылық" акциясы ұйымдастырылды. "Жақсылық біреуден қайтпаса, біреуден қайтады", демекші, Жақсылық жасап жарысайық!

Наурызнама онкүндігінің жоспарына сәйкес мектеп оқушылары "Қайырымдылық күніне" орай шаруашылық көмек көрсетті.

18.03.2024 - Ұлттық киімді насихаттау мақсатында "Ұлттық киім-ұлттық құндылық" өткізілді.

20.09.2024 - Наурыз мейрамы діни, этникалық немесе тілдік айырмашылықтарға қарамастан, әлем халқының ортақ құндылықтарын біріктіреді. Мейрамға орай сыныптар арасында концерт өтті. Наурызнама жоспары бойынша, "Тазару" күні. Мектебімізде наурызнаманың онкүндігіне орай, мектеп оқушылары мектеп ауласын қардан тазалау жұмыстарын жүргізді.

26.03.2024 - Көктемгі демалыс. "Ұлттық ойын-ұлт игілігі". Көктемгі демалыс. "Ұлттық ойын-ұлт игілігі" ұлттық ойын "асық ату"

27.03.2024 - Көктемгі демалыс кезінде 7-сыныпта "Кітапхана,кітап, мен-ең жақсы достар"атты сыныптан тыс іс шара өткізілді.Балалар мектеп кітапханасына барып, "сүйікті шығармалар беттері бойынша" кітап оқыды.

01.04.2024 - "ТӨРТ ТОҚСАН-ТӨРТ ӨНЕР" "Шахмат ойыны" челлендж ойнау

12.04.2024 - Қаныш Сәтбаев -125жылдығына орай сынып сағаттар өткізілді.
12-сәуір күні "Ғарышкерлер күні"тақырыбында сынып сағаты өтті
22.04.2024 - "Олимпиадаға 100 күн-2024"ұранымен Қазақстандық спортшыларды қолдау
25.04.2024 - "Ата аналар баланың әлеуметтік желілеріне қол жеткізуі керек" пікір сайыс. Ұшқыр ой алаңы 'дебаттық клубы.
Тақырыбы:" Сөз маржан" мақал-мәтелді жатқа айту
Мақсаты:Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды мақал-мәтелді жатқа айта білуге баулу.
26.04.2024 - "Төрт тоқсан-төрт тоқсан"ұлттық мәдени-ағартушылық шеңберінде "Шах және Мат" отбасы фестивалі өткізілді.
30.04.2024 - 1мамыр-Халықаралық бірлік күніне орай мектебімізде "Бір шаңырақ астында"атты мерекелік іс-шара өткізілді.Бұл мереке бейбітшіліктің,еңбектің,достықтың белгісі.
06.05.2024 - 7 мамыр Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр Жеңіс күніне орай іс шаралар өткізілді. "Жасыл мекен" түлектердің ағаш отырғызу челленджі.
"Оқуға құштар мектеп"
Мақсаты:Үзіліс уақытын тиімді пайдалану арқылы оқушыларды кітап оқуға баулу.
16.05.2024 - Мемлекеттік емтиханға дайындауға арналған психологиялық тренинг сабағы өткізілді. Мақсаты: емтиханға дайындалу кезінде оқушыларды өзінің мінез-құлқын және эмоцияларын басқара алуына үйрету, өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету.
Мемлекеттік емтихан, ҰБТ-ге психологиялық дайындық жұмыстары жүргізілді. Тренингтік жаттығулар элементтерін пайдалана отырып өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету мақсаты қойылған.
17.05.2024 - 2024 жылдың 17 мамырында «Бірыңғай балалар диктанты» атты танымдық іс-шара өтті. Акция көрнекті қазақ ғалымы Қ.И.Сәтбаевтың 125 жылдығына орайластырылған. Мәтіннің авторы – белгілі қазақ ғалымы және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Бейбіт Мамраев. Балалардың өмір қауіпсіздігі және автокөлік, мотоцикл жүргізуге болмайтындығы туралы түсіндірме жұмыс жүргізілді ата-аналармен кезектен тыс жиналысы.
21.05.2024 - Мектебімізде бүгін жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы болды.Ата-аналарға 2023-2024 оқу жылында мектебімізде атқарылған жұмыстар туралы қорытынды есебі ұсынылды.
24.05.2024 - 2024 жылдың 24мамырда мектебіміздің 9-сынып оқушыларымен "Білімім-Отаныма" тәрбие сағаты өткізілді. "Мен.Мектеп.Ұстаз" тақырыбында эссе жазуы. 1-10 оқушыларымен "Білімім-Отаныма" тәрбие сағаты өткізілді.
25.05.2024 - "Мектебім,саған мың алғыс"атты соңғы қоңырау сап түзеуі

Аға тәлімгердің І- тоқсанда атқарған жұмысы есебі 2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша іс-шаралар уақытында өткізіліп тұрды. Қыркүйек айында Бала өкілі Ұланбасы сайлауы өтті. Сайлаудың бірінші кезеңіне 2 үміткер қатысып мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен мектеп психологімен сұхбат өткізді. Сұхбаттан сүрінбей өтіп, сайлауға түсті. Сайлау қортындысы бойынша 9-сынып оқушысы Мамыр Ажар мектеп Ұланбасы болып сайланды.

Мектеп тәлімгері 2024-2025 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын, мектеп комитетімен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты.

Естай атындағы орта мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 7-10 сынып оқушылары арасынан 10 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды. Топ жетекшісі болып 9- сынып оқушысы Мамыр Ажар тағайындалды.

Клубы құрамына «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Жас Ұлан» «Жас Қыран» ұйындары, Ата-аналар комитетті, «Жас инспектор» полиция көмекшілері, Қоғамдық мәдени орындар, Адал ұрпақ клубы жатады.



«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы келесідей секциядан тұрады: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық, Мәдени көпшілік іс-шаралар. Осы секциялар жоспар бойынша жұмыс атқаруда.



Негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады.

Осындай міндеттерді негізге ала отырып, Естай ОМ-де «Адал ұрпақ- болашақ негізі» атты тақырыбында жиын өтті.



Мақсат аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты патриотты қалыптастыру, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Оқушыларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді.

«жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлықтың қалай алдын алуға болады» , «Жемқорлық зардаптары» сынды тақырыптарда әңгіме қозғалып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени, ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мектеп оқушыларының арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.



Демалыс кезінде де біздің оқушылар бос отырмайды. Аудандық конференциялар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.



ҚР Тұңғыш Президенті күніне жоспарланған іс-шаралар: «Ұлт Көшбасшысы» фильмін қарау, мәнерлеп оқу, сурет сайысы өткізілді. Барлық қатысқан оқушылар мақтау қазымен марапатталды.

Сонымен қатар облыстық «Бастау Fest» «Ғажайып жұлдыздар» конкурсы, «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумы, Облыстық «Мен болашақ жауынгермін» конкурсының аудандық кезеңдерінде 2-орын, «FAMILYDAY» белсене қатысқаны үшін марапатталды. «Жас гроссмейстер» облыстық турнирі аясында шахматтан 2-орын және «Аққу» жобасы аясында «Қыз еркем-кестемен көркем» байқауының аудандық кезеңіне Ақтас Маржан қатысты.

«Ұшқыр ой алаңы» аудандық дебат турнирінде Бас Жүлде иелендік.

Мемлекетіміздің болашағы саналатын мектебіміздің осындай белсенді оқушыларынан үлкен үміт күтеміз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ-Мәңгілік Елдің кепілі.

1 қазақ қарттар күніне орай «Қарттарым - асыл қазынам» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері қарттарды құтықтап қайтты.

Ұстаздар қауымына «Ұстазым менің, ұстазым» тақырыбында «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері мерекелік көңіл-күймен қарсы алды.

“Еңбегі адал жас өрен” жобасы аясында ұйымдастырылған “Сыр-сұхбат” бағдарламасын ұйымдастырып, ұстаздармен сұхбат жүргізді.

Біз үшін ең маңыздысы: ПРИНЦИПТІЛІК, АДАЛДЫҚ, ӘДІЛДІК
Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін!

Мектептегі психологиялық қызмет

Оқу жылына қойылып отырған міндеттер:

1. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру.
2. Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету.

3.Әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке базы психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету.

4. Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиелеушілердің шығармашылық әлеуметін дамыту.

5. Білім алушылардың тәрбиеленушілердың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру.

6. Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін тандауда ата-аналарға және педагогтерге консультациялық көмек көрсету.

7. Тәрбие ісінің меңгерушісімен бірге психологиялық тренингтерін мұғалімдермен, оқушылармен жұмыс жасауды жалғастыру.

8. Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Мектебімізде жалпы 2024-2025 жылы оқушылар саны 72 баланы құрайды, олардың ішінде бастауыш сыныптарда барлығы 31 оқушы болса, ортаңғы буындарда 5-10 сынып аралықтарында 41 оқушыны құрайды.

2023-2024 жылдары барлығы 70 оқушы, бастауыш сыныпта 31 оқушы болса, орта буында 5-9 сыныптарда 39 оқушы.

2022-2023 жылдары барлығы 68 оқушы олардың ішінде, бастауыш сыныпта 10 оқушы, орта буында 5-9 сыныптарда 24 оқушы. Осы жылдардың жұмысына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығын көрсетеді. Естай атындағы орта мектептегі психологиялық қызметтің мақсаты «Тұлғаны жан-жақты дамыту, оқушылардың психикалық дамуын қорғау, мектепте жақсы психологиялық климатты орнату, ұрыс-еріссіз «оқушы-мұғалім- ата-ана» жүйесі арқылы мектепте тұрақты психологиялық климатты қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасау. Психологиялық қызмет бес бағыт бойынша атқарылады.

Оқу жылдын басынан бастап перспективті жоспар құрылады, оның ішінде психолог қызметінің мақсаты мен міндеттері көрсетілген болатын.

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

2024-2025 оқу жылында мектебіміздің 1 сыныбында 9 оқушы бар. Мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. Сынып құжаттарының толтырылуы қанағаттанарлық. Барлық 1 сынып оқушыларына психологиялық оқушы картасы жасалынды.

Сынып жетекшінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді, сынып жетекшілерін ата-аналарынан кейінгі екінші орынға қояды, жақсы көреді. Сынып жетекшілер оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Оқушылардың эмоциялық жағдайын бақылау кезінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

№	Эмоциялық жағдайы	1 сынып
---	-------------------	---------

1.	Мұғаліммен тілдесуі	өте жақсы-5 оқушы жақсы- 4 оқушы орташа- 0 оқушы
2.	Мектепке келуі	Көңілді- 4 оқушы
3.	Сабақта	жақсы- 4 оқушы орташа- 1 оқушы
4.	Құрдастарымен қарым-қатынасы	Жақсы- 9 оқушы
5.	Үйге қайту	Көңілді- 9 оқушы

1-сынып оқушыларының мектепке дайындығы барысында Керн әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде; 5-оқушы жоғары деңгей көрсетті. Балаларды психологиялық анықтау барысында, жалпы зерттелген 9 бала мектептің бірінші сыныбына оқуға лайықты деп табылды. 1-5 сынып ата-аналарына балалардың бейімделу деңгейіне байланысты кеңестер беріліп жаднамалар тартылды.

2-сынып оқушыларынан бейімділік деңгейін анықтауға арналған сауалнама жүргізілді. Балалар пәндерге «көңілді», «көңілсіз», «бәрібір» жауаптарымен өтілетін пәндерге баға берді. Барлық пәнге 100 пайыз «көңілді» деп жауап берді. Балалардың өзін-өзі бағалауын анықтау мақсатында «Графикалық тест» жүргізілді.

Нәтижесінде; 5-оқушы өзін-өзі бағалауы «жоғары», 2 оқушы «қалыпты» деңгей көрсетті.

Бесінші сынып оқушылардың орта буында оқуға дайындығын анықтаумен бейімділігіне байланысты жүргізілген әдістемелер, бұл; назар мен көңіл бөлуіне «Сандық квадрат», қабылдау қабілетіне «Мюнстербергтің тесті», ойлау қабілетіне «Әріптер» және сауалнама « Мен өзімді білемін бе?», орта буында оқуға деген біліктілік деңгейін анықтауға арналған субтестілері жүргізілді. Ұстаздарға жүргізілген педконсилиумда бесінші сыныптың диагностикасымен танысып, нәтиже қорытындыларымен анализдеріне баға бере отырып, мұндай шешімге келе отырып, оқушыларға қосымша есте сақтауға байланысты ойындардың түрлері ұсынылды: «Сүйікті ойыншық», « Не? Қайда? Қашан?» және тағы басқа ойынның түрлері ұсынылды.

5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуінде ешқандай кедергі жоқ. Пән мұғалімдерінің оқушылармен бірлесе жұмыс жасауында айтарлықтай қиындық кездеспейді. Оқушылардың тұлғалық және психикалық дамуында ауытқушылық жоқ, дегенмен оқушылармен психодиагностикалық, профилактикалық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілді. Кеңес беру нәтижесінде оқушылар өз көкейлеріндегі сауалға жан – жақты жауап ала алды.

«Біз 5-сыныпқа барамыз» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Мақсаты: Балалардың өз – өздерін тануға , психологиялық – педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін , көңіл – күйін , сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпалын тигізу.

Алтыншы – сегізінші сыныптарға ақылды дамыту мектеп тестіне бірінші жарты бөлігі өткізіліп, соның қорытындысы қандай пәннен үлгерімі жақсы және қандай пәннен көмек керектігін ұстаздарына ұсыныстар берілді.Енді келесі екінші бөлігі оқу жылдың соңында өткізілуі керек, сол кезде нәтижесіне көз жеткізуге болады. Оқушыларға мектеп жағдайына және ұстаздарға катысты жасырын сауалнамалар өткізілді.

Жетінші сыныпқа оқушылардың қобалжу, үрей деңгейлерін анықтауға Филипс тесті арқылы мектептегі жалпы қобалжу, баланың құрбылармен жалпы қобалжу, табысқа жетудегі қажеттілікті дамыту, өзін-өзі көрсетудегі үрейге, білімді тексерудегі қорқыныш, айналадағы адамдардың ойынан шықпай қалам ба?, стресске қарсы тұра алмаушылық, мұғалімдермен қарым-қатынастағы қорқыныштар анықталмаған мен сынып жетекшілермен және пән мұғалімдерімен әңгіме және кеңестер берілді, бұны алдын алу шаралары деп қарастыруға болады. Оқушыларға жасырын сауалнамалар өткізілді. Сауалнамада оқушылардың ұстаздарына деген көз қарастары қандай екендігі анықталды.

Жылдың басқа айларында мектебіміздің бастауыш буынмен атқарылған бірқатар жұмыстар легі төмендегідей: Сәтсіз жанұялардан шыққан балалармен жеке жұмыстар атқарылады. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепшілік есепте 9 орыс сыныбының оқушысы Кривченко А және 6 орыс сыныбының оқушысы Зудин Д тұрады. Бұл оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізілді, ар ай сайын әңгімелесу сағаттары жүргізіледі, кешкі кезекшілік, спорт секциясында, сабақ үстінде бақылауда болады. Педагогикалық-медициналық-психологиялық мінездеме құрылды. Өкпешілдіктері мен агрессиялық мінездері тексеріліп қорытындысымен сынып жетекшілері таныстырылды. Психологиялық паспорт пен отбасына мінездеме құрылды. Оқушының іс-әреуеті мен мінез құлқындағы өзгерістер жақсы. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. ОДН-да, мектепшілік бақылауда есепте тұрған балалар жоқ.

ВШК мектепшілік бақылауда есепте тұрған екі балалар бар. 2024-2025 оқу жылында суицидалды әрекет жасаған балалар жоқ. «Тәуекел топта» - жоқ.

Суицидтың алдын алу жұмыстарының жоспары бойынша келесі іс-шаралар өткізілді. Күнделікті оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға «Сенім жәшігі» мен «Сенім кабинеті» және аптасына 1 рет «Сенім телефоны» жұмыс жасайды.

Қыркүйек айында 1-10 сынып оқушылар туралы мәліметтер жинақталып психологиялық-әлеуметтік карта толтырылды. Және дағдарыс жағдайы факторлары бойынша сынып жетекшілерімен кесте толтырылды. Оқушылардың мазасыздану аймағын анықтау мақсатында «Филлипс, Кондош

тесті» Мектеп қабырғасындағы құқық бұзушылықты анықтау, өзара қарым-қатынастарын анықтауға арналған сауалнамалар жүргізілді. 5-10 сынып оқушылардың агрессия деңгейлерін анықтау мақсатында «Басса-Дарки әдісі» бойынша диагностика жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау. Мотивация 5-10 сыныптар Бастауыш сынып оқушыларының жанұя жағдайын анықтау. «Менің жанұям» әдісі, 1-4 сынып оқушыларының агрессиясын анықтау «Кактус» графикалық әдістеме. Оқушылардың мінез-құлықтарын анықтау. «Әлемде жоқ жануар» әдісі. 1-4 сынып оқушыларының мазасыздығын анықтау «Қай түрді таңдайсың» суретті әдістеме. Оқушылардың тәртіптілік деңгейлерін анықтау, 1-10 сыныптар Суретті бояу тест жұмыстары алынды.

Мектебіміздің мүмкіншілігі шектеулі, үйден оқытатын оқушымен Аманжол Нурбекпен жыл бойына жоспар құрылып, коррекциялық сабақ жүргізіледі. Жұмыс істеу барысында оқушының логикалық ой қажет ететін тапсырмаларды қиындықпен орындайды. Танымдық аймағы қалыптасуда, алайда дамуы тежелуде. Ойлауы өз жасынан кем дамыған, зейіні әлсіз. Есте сақтауы да төмен. Жалпы психикалық қасиеттерінің дамуы жетілмегенмен, кідірі көп.

Есте сақтауы өте қиын, тез ұмытады, зейіні шоғырланбаған, ойлау қаблетті төмен, ыстық, суық, аласа, биік деген түсініктері дамыған. Жаман жақсыны ажырата алады.

Қазан айында ата-аналарға суицидті болдырмау және алдын-алу туралы психологиялық кеңес, суицид өз-өзіне қол жұмсау баяндама оқылды және ата-аналарға арналған жаднамалар таратылды.

«Тәуекел топ» балаларын анықтау мақсатында Сурикованың В.Н. «Определение детей группы риска», әдістемесі бойынша сынып жетекшілерден сауалнама алынады. Орта буындағы оқушылар саны 38 оқушы. Қатысқан оқушылар 38 оқушы.

Желтоқсан айында орта буын оқушылармен «Жасөспірімдік суицидалдық мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері» дөңгелек стол атты өтті.

Мақсаты: Жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру. Жасөспірімдердің психологиялық дамуындағы қиындықтарға көңіл бөлу. Дөңгелек столде қазіргі замандағы психологиялық құбылыстарды ортаға салдық.

«Өзіңдік бағалауың қалай?» атты өзіндік бағаны анықтау тесті өткізілді.

8-10 сыныптар арасында «Отбасылық қобалжуды анықтау» диагностикасы өткізілді.

Мақсаты: Баланың отбасындағы қарым-қатынасын және статусын диагностикалау.

Қаңтар айында жүргізілген жұмыстар.

Тесттің көрсеткіштері бойынша суицидке қарсы көрсеткіш көрсетілген жоқ.

5-10 сыныптар аралығында «Жақындарыңыз бен достарыңызға проблема туғызудың орнына, өзіңізді бейбіт мақсатқа өзгертуге тырысыңыз»

тақырыбында лекция оқылды. Суицид тақырыбы бойынша суреттер көрсетіліп, жағдайлар оқылып, талқыға салынды. Бақылаулар жүргізіп, нәтижесінде оқушылардың суицидке бағдары жоқ екені байқалды.

Қаңтар айында «Мінездің акцентуациясын зерттеу» Айзенк әдісі бойынша жүргізілді. 2-3-4 сыныптарда оқушылардың таным процестерін зерттеу жұмысы жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың зейін, ес, ойлау процестерінің жан-жақты даму деңгейін анықтау.

-«Өмір, сен маған қымбатсың!», «Как прекрасен этот мир!», «Мен өмірді таңдаймын» атты тренингтер жүргізіліп, плакаттар, суреттер салынды.

Ата-аналардың психологиялық білімін кеңейту. Бастауыш сыныптарда "Қисынды ойлау", "Вербалды-логикалық ойлауды бағалау" Мюнстербер әдістемесі бойынша тақырыптар бойынша диагностикалық жұмыстар өткізілді. Барлық сыныптарда дамыту және коррекциялық жұмыстар жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларының ата-аналарымен әңгіме, жеке консультация өткізілді. Мақсаты: ата-аналарды диагностикалық жұмыстардың қорытындысымен таныстыру.

Оқушыларға өз қабілетін дұрыс бағытта қолдануына көмек көрсету. Бастауыш сыныптарда оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру мақсатында, психологиялық сергіту сабақтары жүргізілді. Бұл сабақтардың барысында балалармен әртүрлі тренингтер мен ойындар жүргізіліп балалардың оқуға деген қызығушылықтары арта түсті.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін сынып жетекшілерге сауалнама мен тренингтер жүргізіліп, олардың сабақ үдерісінде оқушыларға жүргізілетін ес және ойлау қабілеттерін дамытуға арналған психокоррекциялық жаттығулар ұсынылды. Бірінші сыныптағы үлгерімі төмен оқушылармен түрлі психологиялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Бастауыш сыныптарына психологиялық тұрғыда балалардың отбасымен, қоршаған ортамен, туыстарымен, ата-анасымен қарым-қатынасының қандай екендігін анықтау мақсатында. Оқушыларға қаншалықты көңіл бөлінетіндігі мен қамқорлықтың, ата-ана тарапынан зейіннің қажет екендігі анықталды.

Тортыншы- сыныптарына ОЖСБ тапсыруына және оқушылардың мектепке, оқу үдерісіне бейімделуіне байланысты «мектепке бейімділік» әдістемесі жүргізіліп, сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді. Апта аралықтарында бастауыш сыныптардың сабақ үдерістеріне қатысып, психологиялық бақылаулар жүргізілді.

Орта буынға 5, 6, 7 -ші сынып оқушылардың темпераментін анықтау үшін тест жүргізіледі. Сынып оқушыларының сабақ үдерісінде ынтасы тұрақты және тұрақсыз болуы темпераментіне байланысты.

Оқу үдерісі басталып 1 ай өткеннен кейін 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезіндегі кездесетін қиындықтарын анықтау мақсатында оқушылардан «Пәнге деген көзқарасын», «Оқушылардың қобалжу, үрейлену деңгейін анықтау» мақсатында сауалнама алынып, анықтамасы шығарылды. Ұсыныстар берілді.

Алтыншы - сынып оқушыларына оқушылардың бойында бір-біріне деген құрмет, достық, жанашырлық, татулық сезімдерін ояту мақсатында «Менің жағымды тұстарым, жақтарым, қырларым, досымның көзімен» әдістемесі жүргізіліп, анықтама берілді.

Орта буын оқушыларының сыныптағы көңіл - күйлерін анықтау мен сергіту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізіліп отырды. Олармен тікелей неге қызығушылықтары бар екендігі, мектепте тағы қандай қосымша іс-шаралар өткендігін қалайтындығы туралы сауал-сұрақтар қойылды, нәтижесі шығарылып, пікір алмасулар жүргізілді.

Жоғары буын оқушыларының мінез-құлық типін анықтау үшін Айзенк сауалнамасы әдістемесі жүргізілді.

Білім алушылардың зорлық-зомбылықтың оның ішінде буллинг пен кибербуллингтің барлық түрлерінен қауіпсіздігін сақтау мақсатында іс жоспары құрылып, бекітілді. Білім алушыларға "Антибуллинг және кибербуллинг дегеніміз не?" тақырыбында білім алушылар мен ата-аналарына видеоролик жіберілді.

Кез-келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екенін білім алушыларға ұғындыру мақсатында ватсап желісі арқылы жаднамалар таратылды. Онлайн қауіпсіздігін сақтау және көмек сұраудан қорықпауды оның әлсіздік емес екендігі туралы "Көмек сұрау - әлсіздік емес" тақырыбында онлайн дәріс өткізілді.

Интернет сайттарда балалар арасындағы түрлі келеңсіздіктер орын алуда сол себепті "Күресу жолы қандай?" тақырыбында онлайн пікірталас өткізілді. "Интернет шынымен де көмектесе ме, әлде өзімді интернет кесірінен жаман сезінемін ба атты жаднамалар таратылды.

"Интернет сайттары және интернет желілерінен келетін қауіптен қалай сақтанамыз?" тақырыбында жаднамалар таратылады.

Телефон арқылы немесе интернетте адамды әдейі ренжіту, қорлау, оған жабысу оңай болып көрінеді. Ренішті хабарлама жіберу сондай оңай ғой! Бұны істеген адам басқаның жанын ауыртқанын сезбейді де. Егер интернет технологияларды біреуді әдейі ренжіту, қорлау немесе ызасын келтіру үшін пайдаланса, онда бұл – кибербуллинг. Тіпті туралы ренішті постқа лайк бассаң да, немесе ренішті постты жіберсең, бұл да – кибербуллинг.

Буллинге ұшыраған адам басқалардың оған қарсы біріккенін сезінеді. Буллинг шындап адамға зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей- кездері буллингтің кесірінен адамдар өзін-өзі өлтіру жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. Сондықтан буллинг қашанда жақсы емес, бірақ әр уақытта көмек сұрауға болатынын білім

алушылар мен ата-аналарға бірнеше тақырыптарды ватсап желісінде онлайн жіберу арқылы түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Балаларды бірігіп қорғайық!» негізінде жыныстық қол сұғушылыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу, 7-11 сынып оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша «Нәзік» қыздар клубының қыздарына кеңестер берілді.

Жоғары буын оқушыларымен «Мен өмірді таңдаймын» тренингі Суицидтің алдын-алу мақсатында жүргізілді. Қатысқан 9-10сынып оқушылары, нәтижесінде балалардың бойлары серігіп, түрлі өмірге деген, жанындағы досына деген жағымды пікір алмасулар болып кері процесс жүрді. Ұсыныс ретінде сабақ барысында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері қарым-қатынасқа көбірек түсуі түсіндірілді.

9-11 сынып оқушыларымен мамандық таңдауға байланысты сынақ жүргізілді. «Мамандық таңдау» және «Мен қалаймын» анкетасы алынды.

Мамандық таңдаудың негізгі мотивтерін анықтау Сауалнама 9-10 сыныптар желтоқсан .

Мамандық таңдау барысында, мамандық туралы хабардар ету үшін «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасын 9-сыныптармен жүргізілді.Сауалнамаға 8 оқушы қатысты.

1. 9 – сыныпты бітірген соң, не істемексің?
2. Ата-анаң 9-сыныпты бітірген соң не істе деп кеңес беруде?
- 3.Таңдаған мамандығыңның мазмұны, оқу және жұмыс шарттары туралы білесің бе?
4. Таңдаған мамандығыңның мазмұны, оқу және жұмыс шарттары туралы білесің бе?
- 5.Таңдаған мамандығыңа қажет болатын жеке қасиеттеріңді, қабілеттеріңді, икемділіктеріңді қалай дамытасың?
6. Өзіңнің кәсіби ой-ниетіңді іске асыра аламын деп ойлайсың ба? Оған не кедергі бола алады
7. Негізгі жоспарыңды іске асыра алмаған жағдайда қолданатын қосалқы жоспарың бар ма.

10 сынып « Қандай жоғарғы оқу орнына түсесіз?»-деген сұраққа ПМУ-тін көбі тандаған. Қандай мамандық тандадың және неліктен осы мамандықты тандадың?- деген сұраққа, « өзіміздің қалауымыз бойынша, кішкентай кезіміздегі арманымыз » деп жауап берді. Болашақтағы жоспарың?-деген сұраққа « ҰБТ дан жоғары ұпай жинау,өз ісін жақсы меңгерген маман болу,жақсы жерге жұмысқа орналасу,елімізді көркейтуге қызмет ету, өмірден өз орнымызды табу»- деп жауап берген.

« Ұлттық бірыңғай тестілеудің психологиялық жағдайларын шешу жолдары» атты дәріс оқылды. Мақсат-бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңінде оқушылардың мінез-құлық стратегиясымен тактикасын өндеуін,өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын қалыптастыру.Күн тәртібін құруға,материалды есте сақтап,қайта жаңғыртуға,өз қабілеттерін

мопынан қолдауға, стресстік жағдай бола қалғанның өзінде, оны жеңудің жолдары бойынша ауқымды ақпарат оқылып, оқушылармен талданды.

Мектеп түлектерінің ҰБТ –ға дайындығын тексере отырып, қорқыныш пен іштей қинаған сезімдерден құтылуға, адал болуға психологиялық көмек көрсете отырып, бойларына сенімділік ұялату, жол таңдай білуге үйрету. Оқушылардан сауалнама алынды, әр оқушының жауабын сынып жетекшімен талқыланды.

Мектеп - ата-ана байланысын жақсарту мен оқушылардың ата-аналарымен байланысы, қарым- қатынасын анықтау мақсатында мектебімізде ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жиналыс барысында 6-сыныптар мен 5-сынып оқушыларының ата-аналарына сауалнама жүргізіліп, нәтижесі шығарылды.

Мектебіміздегі үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізгенде оқушыларға «Сандарды есте сақтап, орнына қой», «Артық ұғымның астын сыз», «Суретті есте сақта», «Нүктелерді есінде сақтап қойып шық» әдістемелері қолданылып жүргізілді. Қорытындысында, оқушылардың есте сақтау деңгейлері әртүрлі орташа, төмен немесе жоғары екендіктерін анықталып көрсетіліп отырды.

Диагностикалық жұмыс

Диагностикалық бағытты іске асыру бойынша келесі іс-шаралар орындалды: Бірінші төртінші сынып арасында «Менің отбасым» атты проективті тест алынды. Мұндағы басты мақсат оқушының өзін өзі бағалау деңгейін анықтау. Тест арқылы оқушының үрейлендіретін отбасылық қарым қатынастарын анықтап, өзінің отбасындағы орнын қалай қабылдайтынын айқындадым.

Жалпы өткізілген нәтиже бойынша тестке 69 оқушы қатысты. Оқушылардың отбасы мүшелеріне қатынасын, оқушының үрейлендіретін отбасылық қарым-қатынастарды, өзінің отбасындағы орнын қалай қабылдайтынын айқындау мақсатында 1 сынып оқушыларына «Менің отбасым» атты тест алынды. Оқушылар төмендегідей нәтижелер көрсетті.

№	Сынып	Әдістеме	Отбасылық қарым-қатынас деңгейі		
			Өте жақсы	Жақсы	қағаттанарлық
1	1	Менің отбасым суреті	77,8	22,2	

Проективті тест алу барысында баланың көңіл-күйіне, әлеуметтік-тұрмыстық деңгейіне баса назар аударылды. Нәтиже бойынша сынып жетекшіге оқушының ата-анасымен тығыз қарым-қатынаста болуға, әрбір оқушының күнделікті көңіл-күйін бақылауға ұсыныстар айтылды.

5 сынып оқушылары арасында бейімделу мен даму деңгейін анықтайтын психологиялық-педагогикалық диагностика өткізіліп, келесі нәтиже көрсетті: оқушылардың 100 пайызы бейімделу процесінен толықтай өтті. Балалардың мектепке қарым-қатынасы жағымды, танымдық түрткілері бар, мектептің талаптарын ойдағыдай орындау талпынысы бар. Диагностиканың қорытындысы бойынша оқушылармен жекелей әңгіме жүргізілді. 5-ші сынып оқушыларының бейімделуін зерделеу кезінде барлық оқушылардың

бейімделу процессінен толық өткені көз жетті. Бұл балалар ұжымға тез қосылды, мектепте тез үйренді, сыныпта жаңа достар тапты.

Оқушының мектепке деген көзқарасын анықтау мақсатында оқушылардан анонимді сауалнама ұсынылды. Сауалнамаға барлығы 45 оқушы қатысты. Сауалнама нәтижесі сараланып, тиісті жұмыстар атқарылды.

Қорытынды: Сауалнама нәтижесі бойынша педагогтер мен ата-аналар арасында психологиялық ақыл-кеңестер ұсынылды.

Оқушылардың жыныстық қатынасқа деген көзқарасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың нәтижесі бойынша СӨС насихаттаушысы мен мектеп медбикесі жыныстық қарым-қатынас тақырыбына байланысты түсіндіру жұмыстары мен дәріс сабақтары өткізілді. Суицидтің алдын алу іс-шараларының атқарылуы жөнінде мәлімет

2023-2024оқу жылына 2024-2025 оқу жылына сәйкес жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауды алдын-алу мақсатында жүргізілетін психологиялық жұмыстар атқарылды. Жылдың басынан бастап тақырыптық сауалнамалар мен дәрістер өткізу қолға алынды. Мектебімізде қауіп-қатер тобында оқушылар – жоқ. 5-10 сыныптарына алдын алу мақсатында «Салауатты өмір салты» атты тақырыбында дәріс сабағы өткізілді. Дәріс жалпы мақсаты адам өмірінің құндылығын алға тарту. Дәріс соңында адам денсаулығына және өмір құндылығына байланысты шағын кеңестер берілді.

Естай атындағы негізгі мектебі бала құқығын қорғау және қамтамасыз ету мақсатында мектебімізде сенім бөлмесі апта бойы сағат 10:00-ден 12:00 ге дейін жұмыс істейді. Сонымен қатар мектеп дәліздерінде сенім телефондар мен оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын қамтамасыз ету мақсатында мектебіміз ақпараттық стендтермен қамтылған. Бұқаралық ақпарат құралдары сондай-ақ ақпараттық және жарнамалық материалдар (буклетер, постерлер және т.б.) арқылы балалар мен жасөспірімдердің қолданыстағы сенім телефондары, дағдарыс орталықтары, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары туралы ақпарат беріліп, телефон номерлерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың психологиялық жай-күйін және де оқушылардың суицидке байланысты жағдайын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері бойынша диагностикалық талдау жасалып, сауалнама қорытындысы бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мектебімізде қауіп-қатер тобында оқушылар - жоқ. Барлық оқушылар мектеп тарапынан үнемі бақылауда. Сондай-ақ адам өмірінің құндылығын алға тарта отыра, адам денсаулығына және өмір құндылығына байланысты шағын кеңестер мен әңгіме жүргізілді.

Ата-аналармен бірге «Балалардың психикалық денсаулығы» тақырыбында онлайн кездесуде ақпараттық материалдар, бейнесабақтар ұсынылды. Сондай-ақ 8-10 сынып оқушыларына «Менің психикалық денсаулығым» атты тақырыбында сабақ өткізілді. Іс-шарада адамның денсаулығы мен өмір құндылығы жөнінде ақпарат беру жұмыстары өткізілді. Ақпараттық білім беру

іс-шарасының өткізілуі жөнінде мектептің фейсбук және инстаграм әлеуметтік желілеріне ақпарат жарияланды.

Оқушылардың интернет желісінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектеп оқушыларының ата-аналарына «Балалардың ғаламтор желісіндегі мінез-құлқы» жөнінде дәріс сабағы өткізілді. Дәріс сабағында ата-аналарға ғаламтордың пайдасы мен зияны, тегін консультациялық сайттар, ұсыныстар мен өмір қажеттілігіне байланысты кеңестер берілді.

Мектеп оқушыларына интернет желісінде қудалаудан аулақ болу мақсатында «Кибербуллинг» тақырыбында мектеп оқушыларына ғаламтор желісінде қудалау жөнінде ақпарат беру жұмыстары өткізілді.

7-10 сынып ата-аналарына арналған «Суицид дегеніміз не? және оны алдын алу жолдары» атты тақырыбына байланысты жадынамалар таратылды. Мұндағы басты мақсат бойынша ата-аналарға суицид туралы ақпарат берілді.

Түзету-дамытушылық жұмыс

Түзету-дамытушылық жұмыстары жекелей және топтық жұмыс бойынша жүзеге асырылды.. Бастауыш сынып оқушыларымен жоспар бойынша достық қарым-қатынасты нығайту, есте сақтау, зейін қою, ойлау қабілеттерін дамыту бойынша тренинг жаттығулары өткізілді. 4-сынып оқушыларына зейінді тұрақтандыруға арналған жаттығулар ұйымдастырылды. 1-4 сыныптар үшін қимыл-қозғалыс әрекеттерін қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастырылды. 1-ші сынып оқушысына адаптациялық кезеңін өту бойынша жеке және топтық түзету-дамытушылық жұмыстары өткізілді.

2024-2025 оқу жылында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу үрдісіне қалыпты жағдай жасау үшін бір шама жұмыстар атқарылды. 1 сынып оқушыларына мектеп тәртібі, мектеп оқушысының өзіндік ұстау ережесі туралы үгіт насихат жұмыстары жүргізілді. Сыныптағы психологиялық жай-күйін анықтау мақсатында оқушылардың сабақтарына қатысу, топтық әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстарға сәйкес 1 сынып оқушыларының психологиялық ахуалын бақылау кезінде төмендегідей нәтиже көрсетті.

1 а сынып

№	Оқушының жай-күйі	Нәтижесі
1	Мұғаліммен тілдесуі	Өте жақсы 7, Жақсы, Орташа
2	Сабаққа қатысу ынтасы	Өте жақсы 5, Жақсы 2, орташа
3	Сабақтағы тәртібі	Өте жақсы, Жақсы 9, Орташа
4	Құрдастрымен қарым-қатынасы	Өте жақсы 9, Жақсы, Орташа
5	Үйге қайтуы	Көңілді 9, көңілсіз

5-7 сыныптар үшін қарым-қатынаста агрессияны болдырмау жолдарын іздестіру мақсатында тренингтер өткізілді.

5-7 сынып оқушыларымен когнитивті процесстерді дамыту бойынша тренингтер, басқыншылық, қобалжу, жабығудан арылу бойынша тренинг

жаттығулары өткізілді. 8-10 сынып оқушыларымен суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренинг жаттығулары өткізілді. Жасөспірімдердің арасында өзара сенімділіктерін орнату және сенімсіздікті болдырмау үшін аффирмациялық сөздер ұсынылды.

9 -10 сынып оқушыларына «Жоқ деп айтуды біл» атты тренинг элементтері бар жаттығулар өткізілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында балалармен психологиялық-педагогикалық түзетушілік жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: ата-аналармен жеке кеңес берілді.

Кеңес беру- әдістемелік жұмысы

Кеңес беруде келесі сұрақтар қарастырылды:

- Балалар ұжымы және оның қалыптасу ерекшеліктері;
- Жанжал және оны шешу жолдары;
- Алуан жүзді күйзеліс;
- Балалық және жасөспірімдік суицид;
- Өзгеше баланың мәселелері;
- Жасөспірімдермен кәсіптік бағдар жұмысының ерекшеліктері.

Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, мұғалімдер, оқушылар тарапынан болған сұраныстар бойынша жеке кеңес берулер өткізілді.

Өткен оқу жылының өткізілген психологиялық жұмысын қорыта келе, алға қойылған міндеттер бойынша жоспарланған жұмыс көлемі толықтай орындалды.

Естай атындағы мектеп кітапханасы туралы мәлімет

Мектеп кітапханасы бірінші қабатта орналасқан, жалпы көлемі 61,5 ш.м. Мектеп кітапханасы екі бөлмеден тұрады. Бір бөлме оқулықтарды сақтайтын қойма, ал екінші бөлме оқырмандармен жұмыс істейтін орын. Жеке оқу залы жоқ, кітапханада сегіз адамға арналған орын бар. Компьютер және басқа техникалық құралдар кітапханада жоқ. Кітапхананың жалпы қоры 7550 экземпляр құрайды. Оқулықтармен, электрондық оқулықтармен, әдеби, әдістемелік кітаптармен жабдықталған.

Кітапхана меңгерушісі Бегетаева Ултуар Муталляповна, жалпы еңбек өтілі: 28 жыл, 1 ай. Осы мекемеде кітапханашы ретінде еңбек өтілі 1 жыл, 10 ай, білімі арнайы орта.

Мектеп кітапханасының негізгі мақсаты – оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету, кітаппен жұмыс жасау барысында азаматтық сана-сезімге тәрбиелеу, оқушылардың оқу мәдениетін қолдау, оқуға ынталандыру. Салауатты өмір салтына, патриоттық, рухани тәрбиеге байланысты, ақын-жазушылардың мерей тойларына сынып жетекшілерімен бірлесіп әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.

Оқу жылы	Кітапхана қоры	Оқырман саны	Келу саны	Кітап берілімі
2022-2023	6819	95	1126	2116
2023-2024	6995	99	1061	2235

Жалпы және оқулықтар қоры

Кітапхананың жалпы қоры 7550 дана, оның ішінде оқулықтар саны – 1433 дана. Әрбір сыныптар қоры өз жас ерекшелігіне байланысты бөлінген. 1-4 сынып, 5-8 сыныптар, 9-10 сыныптар. Оқулықтар қоры бөлек бөлмеде сақталған. Жаңа оқулық қоры мен оқырмандар картотекасы үнемі жаңарып толығып отырады. Жыл сайын пайдалануға жарамайтын оқулықтар есептен шығарылады. Оқушылар арасында оқулықтың бағалы ақпарат көзі, оны таза әрі ұқыпты ұстау керек екендігі айтылып әңгіме жүргізілді.

Кітапхана қорының есебін қамтамасыз үшін кітапханашы келесі құжаттаманы жүргізеді. Кітапхана қорында жиынтық есеп кітабы, оқулықтар қорын есепке алу кітабы, берілген оқулықтарды тіркеу журналы, оқырман формулярлары бар. Қор ББК кестелері бойынша орналастырылған (кітапханалық-библиографиялық жіктеу). Әдеби кітаптар кітапханаға соңғы рет 2021 жылы тұсты.

Оқулықтармен қамту

1 сынып оқушыларының оқулықпен қамтылуы 100 %,

2-4 сынып - 100%, 5-10 сынып 100%. Оқушыларды оқулықпен қамтылу кезінде жетіспеген оқулықтар болды, басқа мептептен кітап алмасу тәртібімен алып 100 % толықтырылды. Кітапханашы мен сынып жетекшілер тоқсанына бір рет оқулықты сақтау рейдін жүргізеді. Сынып жетекшілер оқулық алған кезде журналға қолдарын қояды, жылдың аяғында тізім бойынша оқулықтарды тапсырады. Биылғы 2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасы орыс және қазақ оқылымдағы сыныптарына «Атамұра» баспасынан - 258 дана оқулық алынды. «Мектеп» баспасынан - 104 дана оқулық алынды. «Алматыкітап» баспасынан -100 дана оқулық алынды. «Келешек 2030» баспасынан – 33 дана оқулықтар келді. «Көкжиек - Горизонт» баспасынан – 4 дана оқулық алынды. «Арман ПВ» - 34 дана оқулық алынды. «Express Publishing» баспасынан» 15 дана оқулық алынды. «НИШ» баспасынан 7 дана оқулық алынды.

Оқырмандармен жұмыс

Кітапхана жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс істейді. Оқырмандарды кітапханаға жазып, формуляр ашады, кітапхана ережемен таныстырады. Кітапханашы оқырмандарға кітап таңдауда кеңес береді, өткізген кітапты қабылдап, сөреге қояды. Өткен күннің қорытындысын шығарады Кітапханада жүйелі түрде «жұмыс күнделігі» жүргізіледі. Онда топтар бойынша оқырмандардың саны мен құрамы берілген. Күнделікке берілген оқулықтарды, әдістемелік әдебиеттердің сандарын мен кітап беру көлемін енгізеді. Қарызы бар оқырмандармен жұмыс жасайды.

Педагогикалық ұжымға, ата-аналарға, оқушыларға кітапханалық қызмет көрсетуде. Белсенді оқырмандар арасында 1-4 сынып оқушылары (55 %), орта сыныптар келушілері 30%, ал жоғары сынып оқушылары 15 % құрайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 23 қазан күні болған Ұлттық кеңесте : Баланың оқуға деген қызығушылығын , кітап арқылы қалыптастыруды мектеп қабырғасынан бастау керек екендігін айтты. Осы тапсырманы орындауда елімізде «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы енгізілгені баршамызға аян. Жоба оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Осы орайда мектебімізде білім алушыларға мектеп ұжымымен, сынып жетекшілермен және ата-аналармен бірлесе сыныптан тыс іс-шаралар іске асырылуда. Кітапхана

«Балалар кітапханасы» атты жоба аясында да өз жұмысын атқаруда.

Мерзімді басылымдарға жазылу жөнінде мәлімет

Жылы	Данасы
2022 - 2023 ж	6 дана
2023 – 2024 ж	10 дана
2024-2025 ж	10 дана

Кітапхана оқушылар мен мұғалімдерге арналған мерзімді басылымдарды алады. Республикалық, облыстық, аудандық газеттерді, мұғалімдерге «Білімді ел», «Ұстаздар газеті», ал балаларға «Балдырған», «Мөлдір бұлақ», «Балбұлақ» журналдарды.

Кітапхананың материалдық- техникалық базасы

№	Аталуы	2022-2023	2023-2024	2024 -2025
1	Абонемент	1	1	1
2	Кітап сақтау орны	2	2	2

3	Компьютер	0	0	0
4	Басқа техникалық құралдар	0	0	0

Жиһазбен жабдықталуы

№	Аталуы	2024-2025
1	Стеллаж	5
2	Кітапханашы үстелі	1
3	Үстел оқырмандарға	4
4	Шкаф	4

Жалпы қорытынды мен ұсыныстар:

- Мектеп кітапханасы пайдаланушыларды қажетті ақпараттық материалмен қамтамасыз ету бойынша жұмыс көлемін орындайды.
- Кітапхана қорын жаңа, заманауи кітаптармен, әсіресе балалар әдебиетімен толықтыру қажет.
- Кітапханаға компьютер, басқа техникалық құралдар, заманауи кітапханалық жиһаз (стеллаждар кітаптарға, көрмелерге арналған стеллаждар, кітапханашы үстелі, оқырмандарға үстелдер) қажет

